

**"Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 506 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 93/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 18 наурызда № 20139 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 50-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 506 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11892 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату қағидасында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату тәртібі";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Құпиялық белгісі бар ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды құпиясыздандыру "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 22-бабына сәйкес жүргізіледі."

17- тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"17. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату жұмыстары ғарыш техникасының нақты үлгісінің жобалау-конструкторлық ұйым әзірлеген және бекіткен техникалық процестеріне сәйкес Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Экологиялық кодекс), "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының, "Өлшем бірлігін қамтамсыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңының және "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге

қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 187 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17242 тіркелген) талаптарын сақтай отырып жүргізіледі."

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

*А. Жумағалиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК